

**Ақсу ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 09 қарашадағы № 45 -280 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 10 желтоқсанда № 3600 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 50-302 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 05.02.2016 №50-302 шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Ақсу аудандық мәслихатының аппарат басшысы Үсенов Нұрбол Қаметқалиұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу аудандық мәслихатының " Экономикалық және аймақтық даму, өндіріс салалары, аграрлық-экологиялық кәсіпкерлік, коммуналдық қызмет мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы  
Ақсу аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Б. Сүлейменов*

*С. Серпербаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК